Бекітемін
"Шақпақата" бөбекжай-бақшасы"
_____ ЖадикееваР.А
№1Педагогикалық кеңес
"31" "08" 2026 жыл.

2026–2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН КОНСУЛЬТАТИВТІК ПУНКТТІҢ ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балалардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) арналған

2026–2027 оқу жылы

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Консультативтік пункт (КП) мектепке дейінгі ұйымға бармайтын мектеп жасына дейінгі балаларды үй жағдайында тәрбиелеп отырған отбасыларға диагностикалық, консультациялық және әдістемелік қолдау көрсетуге бағытталады. Жұмыс ата-аналардың нақты сұраныстары мен баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жеке және топтық, офлайн және онлайн форматтарда ұйымдастырылады.

2026–2027 оқу жылындағы жұмыс мазмұны мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы жаңартылған басымдықтарды ескереді: балалардың қауіпсіздік мәдениетін жетілдіру; ауызекі сөйлеудің барлық компоненттерін жүйелі дамыту; салауатты өмір салтын қалыптастыру; мектепке сапалы дайындау; экологиялық және құқықтық мәдениет; эмоционалдық әл-аукат пен буллингтің алдын алу; еңбекке және кәсіпке баулу; педагогтердің цифрлық құзыреттілігін жетілдіру.

НОРМАТИВТІК-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы;
Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы;
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары;
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;
Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары;
Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар;
Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары;
Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізуі үшін міндетті құжаттардың тізбесі;
ҚР Оқу-ағарту министрлігі, Балаларды ерте дамыту институты. «Мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар», 2024;
«2026–2027 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хат, 2026.

МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Мақсаты:

Мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға баланы тәрбиелеу, оқыту, дамыту, әлеуметтендіру және мектепке дайындау мәселелері бойынша кешенді диагностикалық, консультациялық және әдістемелік көмек көрсету.

Міндеттері:

- Ата-аналардың педагогикалық және психологиялық құзыреттілігін арттыру;
- Баланың жас және жеке ерекшеліктерін анықтауға көмектесу;
- Баланың сөйлеу, танымдық, эмоционалдық, әлеуметтік, шығармашылық және дене дамуын қолдау;
- Мектепке дейінгі ұйымға бармайтын балалардың әлеуметтенуіне ықпал ету;
- Мектепке дайындығын кешенді қолдау;
- Қауіпсіз, денсаулықты сақтайтын, дамытушы үй ортасын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар беру;
- Ата-аналарға офлайн және онлайн форматта қолжетімді консультациялық көмек көрсету;
- Қажет болған жағдайда бірнеше маманның кіріктірілген консультациясын ұйымдастыру.

2026–2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

№	Іс-шара тақырыбы	Нысаны	Жауапты	Өткізілетін мерзімі
1	КП қызметін ұйымдастыру: бұйрық, ереже, жылдық жоспар, мамандар кестесін бекіту	Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс	Р.Жадикеева К.Оразбай	Қыркүйек
2	«Консультациялық пункт: ата-анаға қандай көмек көрсетіледі?»	Ашық есік / ақпараттық кездесу	Р.Жадикеева К.Оразбай	
3	Ата-аналардың қажеттіліктері мен сұраныстарын анықтау	Сауалнама	К.Оразбай, А.Абдубайтова	
4	«Баланың даму ерекшеліктерін бастапқы анықтау»	Диагностика	А.Абдубайтова, Ж.Сарман	
5	«Баланың сөйлеуін күнделікті өмірде қалай дамытамыз?»	Кеңес беру	М.Махаева	
6	Дұрыс күн тәртібі-баланың дені сау болып дамуының негізі	Жадынама тарату	Р.Шабденбекова	
7	«Қозғалыс – денсаулық негізі»	Қимылды ойындар топтамасы	Б.Құрымбаева	Қазан
8	«Бала және гаджет: қауіпсіз цифрлық орта»	Цифрлық қауіпсіздік ұсынымдары	А.Уразбаева	
9	«Дұрыс сөйлейік!»	Артикуляциялық жаттығулар	А.Абдубайтова	
10	«Баланың эмоциясын түсіну және мінез-құлқын қолдау»	Тренинг	А.Абдубайтова	
11	«Сөйлейміз, ойнаймыз, үйренеміз!»	Шеберлік сағаты	С.Турустаева	Қараша
12	«Таза Қазақстан: экологиялық әдеттерді отбасынан бастаймыз»	Экологиялық әдеттер тізімі	Д.Рыскелді	
13	Қыңырлық, жылау, агрессия кезінде ата-ана не істейді?	Дөңгелек үстел	А.Абдубайтова	
14	«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік: балаға нені және қалай үйретеміз?»	Топтық кеңес	Ж.Сарман	
15	«Менің көңіл күйім»	Тренинг	А.Абдубайтова	Қараша
16	«Дұрыс тамақтану – денсаулық негізі»	«Пайдалы–пайдасыз» ойыны	Р.Шабденбекова	
17	«Музыкалық ойындар	Шеберлік сағаты	Д.Рыскелді	

	арқылы баланың зейінін, есту қабілетін және эмоциялық қабылдауын дамыту»			
18	«Буллингтің алдын аламыз»	Суреттер арқылы жағдаяттарды ажырату	М.Махаева	
19	«Отбасындағы ұлттық құндылықтар және тілдік орта»	Топтық кездесу	С.Турустаева	**Қаңтар**
20	«Ептілік пен шапшаңдық»	Қимылды ойындар	А.Уразбаева	
21	«Дұрыс тамақтану, ұйқы және күн тәртібі»	Кеңес беру	Р.Шабденбекова	
22	Экран уақытын тиімді ұйымдастыру	Жадынама	К.Оразбай	
23	«Әуенді тыңдаймыз, есте сақтаймыз»	Ойын	Д.Рыскелді	**Ақпан**
24	«Ұлттық ойындар арқылы балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту»	Ұлттық ойындар	А.Құрымбаева	
25	Ата-ана мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынас	Кеңес беру	А.Абдубайтова	
26	«Сөздік қор мен байланыстырып сөйлеуді дамыту»	Тіл дамыту тапсырмалары	С.Турустаева	
27	Баланың қарапайым құқықтары мен міндеттері	Әңгіме/кеңес	К.Оразбай	**Наурыз**
28	«Ұлттық музыка арқылы балалардың музыкалық қабілеті мен ұлттық құндылықтарға қызығушылығын арттыру»	Ойын	Д.Рыскелді	
29	Балаға таңдау ұсынудың дұрыс жолы	Психологиялық кеңес	А.Абдубайтова	
30	«Табиғат аясында ойнаймыз, шынығамыз!»	Қимылды ойындар	Ж.Сарман	**Сәуір**
32	Серуен кезінде баланың сөздік қорын байыту	Практикалық кеңес	А.Уразбаева	
30	Төтенше жағдайда балаға не үйретеміз?	Тақырыптық кеңес	К.Оразбай	
31	Санау мен логикалық ойлауды тұрмыста дамыту	Практикалық кеңес	А.Құрымбаева	
32	Бейтаныс адаммен қауіпсіз қарым-қатынас	Психологиялық практикум	А.Абдубайтова	**Мамыр**
33	Баланы еңбекке қалай баулимыз?	Кеңес	М.Махаева	
34	Мектепке дейін бала не білуі керек?	Кеңес беру	Ж.Сарман	
35	Жылдық жұмыстың	Сауалнама, талдау	К.Оразбай	

	тиімділігін анықтау			
36	Жазғы табиғатты зерттейміз	Бақылау ойындары	А.Құрымбаева	**Маусым**
37	Музыка арқылы көңіл күйді көтеру	Ырғақты жаттығулар	Д.Рыскелді	
38	Күннің ыстығы және су ішу режимі	Кеңес	Р.Шабденбекова	
39	Судағы қауіпсіздік	Жадынама/онлайн кеңес	М.Махаева	
40	Спорттық жаз	Эстафеталық ойындар	А.Уразбаева	**Шілде**
41	«Сөйлем құраймыз, ойымызды жеткіземіз»	Сюжеттік суреттермен жұмыс	С.Турустаева	
42	«Достық пен татулық»	Ойындар	А.Абдубайтова	
43	«Денсаулықты сақтайық»	Тыныс алу жаттығулары	Р.Шабденбекова	**Тамыз**
44	Құм, су және табиғи материалдармен сенсорлық ойын	Практикум	Ж.Сарман	
45	«Жаңа оқу жылына дайындық»	Ата-аналарға кеңес	К.Оразбай	
46	«Ата-ана мен баланың тиімді қарым-қатынасы»	Пікір алмасу; жылдық жұмысты қорытындылау		